

صلاة العيد

Айт намазы

қазақ тілінде

اللغة القازاقية

Шейх

Хайсам Сархан

sarhaan.com



mahadsunna.com

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен

АЙТ НАМАЗЫ

Ислам шариғатының ең маңызды мақсаттарының бірі – бұл мұсылмандардың жүректерінің бірігуі, олардың бірін бірі жақсы көруі және мүминдер арасында бауырластықтың орнауы. Сондықтан да Аллаһ Тағала көптеген ғибадаттарды жамағатпен бірге орындауды бекітті. Әрі сондай ғибадаттардың бірі – Айт намазы.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бүкіл адамдарға түгелімен Айт намазына шығуға бұйыратын, әрі тіпті етеккірі келген әйелдерге де:

«Олар мұсылмандардың игілігі мен дұғасына қатыссын», - деп айтатын.

Бұл ұлы мейрамға ғұсыл алып, әдемі киініп, көркемделіп шығу мустахаб, яғни шариғат құптайтын сауапты амал болып табылады. Және Ораза Айты күні Айт намазына шығудан бұрын бірнеше құрма жеп шығу да абзал болады. Өйткені Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Ораза айты күні таң ертең бірнеше құрма жемей үйінен шықпайтын.

Айт намазының уақыты күннің көкжиектен найза биіктігіне көтерілгенінен басталып, тас төбеден ауғанға дейін жалғасады. Айт намазын мешітте емес, ашық алаңда немесе намазға арналған арнайы орында оқыған абзалырақ, бірақ егер бұндай орынды табу немесе оған бару қиын болса, онда ол мешітте оқылса да болады. Өткені Пайғамбарымыз (с.а.с.) Ораза және Құрбан айт күндері намаз оқылатын арнайы орынға шығып баратын. Әрі айт намазына азан мен иқамат айту құпталмайды.

Айт күні арнайы намазбен басталады, әрі ол екі ракағаттан тұрады. Бірінші ракағатта намазға кіру тәкбірінен кейін әрі сүрелер оқудан бұрын алты тәкбір жасалады, ал екінші ракағатта ракағатқа ауысу тәкбірінен кейін бес тәкбір айтылады және әрбір тәкбірде қол көтеріледі. Осылайша Аллаһты ұлықтау және тәкбірлер арасында Оған мақтау мадақ пен тасбих айтылады. Әрі осы екі ракағатта «әл-Әғлә» және «әл-Ғошия», немесе «Қоф» және «әл-Қомар» сүрелерін оқыған мустахаб болады.

Намаздан кейін имам жұма назындағыдай үлгіде құтпа жасайды, әрі айтқа келген адамдарға оған қатысу сауапты іс болып табылады. Айт намазына келушілерге сондай-ақ намаз оқылатын орынға ертерек келу, әрі намазға келген жолдан басқа жолмен қайту да мустахаб болып табылады. Ал айт намазына үлгермей қалған адамға оның қазасын өз үлгісімен өтеу - сүннет.

Айт күнінің қуанышы Аллаһқа мойынсұнушылықпен және Оның әмірлері мен Ол бекіткен істерді орындаумен ғана толық болады. Ал кім Аллаһқа және Оның Елшісіне мойынсұнса, сол ұлы жетістікке жетті.